

**2008 жылғы 1 қаңтардағы банк секторының ағымдағы жағдайы<sup>1</sup>**  
(соңғы айналымдарын есепке алғанда)

Қазақстанда 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 35 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 34 банк, банктердің 34 филиалы және 370 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

<b>Банк секторының құрылымы</b>	<b>01.01.07</b>	<b>01.01.08</b>
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	33	35
- жарғылық капиталда <sup>2</sup> мемлекеттің 100% қатысуы бар банктер <sup>2</sup>	1	1
Екінші деңгейдегі банктер филиалдарының саны	324	352
Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1 489	2 029
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	22	17
Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	23	26
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	32	33
Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	10

**Капитал.** Екінші деңгейдегі банктердің жиынтықты есептелген меншікті капиталының мөлшері 2007 жылдың басынан бастап 611,6 млрд. теңгеге (52,3%-ға) ұлғайды және 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 780,2 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 57,3%-ға 1 284,0 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 45,0%-ға немесе 558,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

<b>Атауы</b>	<b>01.01.07</b>	<b>01.01.08</b>	<i>млрд. теңге</i> <b>Өсімі % -бен</b>
1-ші деңгейдегі капитал	816,5	1 284,0	57,3
Жарғылық капитал	593,6	940,2	58,4
Қосымша капитал	4,0	3,8	-5,0
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	131,6	204,9	55,7
2-ші деңгейдегі капитал	385,4	558,9	45,0
Бөлінбеген таза кіріс	101,3	216,7	2,1 есе
Реттелген борыш	368,0	460,9	25,2
3-ші деңгейдегі капитал	1,5	1,7	13,3
Барлығы есептелген меншікті капитал	1 168,6	1 780,2	52,3

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері k1 - 0,11 (0,06 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,05), k2 - 0,14 (0,12 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,10) болды.

<b>Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері</b>	<b>01.01.07</b>	<b>01.01.08</b>
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,09	0,11
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,15	0,14
Есептелген меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,20	0,20
Есептелген меншікті капиталдың несие портфелі бойынша құрылған провизияларға қатынасы	3,91	3,41
Есептелген меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,43	0,34
Есептелген меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	12,43	13,55

Сонымен қатар жылдың басынан екінші деңгейдегі банктердің балансы бойынша меншікті капитал 2007 жылғы 1 қаңтарынан бастап 554,7 млрд. теңгеге (63,7%) ұлғайып, есепті күнге 1 425,1 млрд. теңгені құрады.

**Активтер.** өткен жылда банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 2 812,6 млрд.

теңгеге (31,7%-ға) ұлғайды және есепті күнге 11 684,6 млрд. теңге болды.


млрд. теңге

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.01.08		Өсімі % - бен
	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	986,9	11,1	1 013,10	8,7	2,7
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	520,6	5,9	642,5	5,5	23,4
Бағалы қағаздар	1 240,4	14,0	787,8	6,7	-36,5
Банк заемдары және «кері РЕПО» операциялары	5 991,8	67,5	8 868,3	75,9	48,0
Капиталға инвестициялар	97,1	1,1	222,5	1,9	2,3 есе
Басқа активтер	35,2	0,4	150,40	1,3	4,3 есе
Барлығы активтер	<b>8 872,00</b>	<b>100</b>	<b>11 684,6</b>	<b>100</b>	<b>31,7</b>

Банктер активтерінің құрылымында банк заемдары мен «кері РЕПО» операциялары (75,9%), қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (8,7%), бағалы қағаздар портфелі (6,7%), басқа банктерге орналастырылған салымдар (5,5%) үлкен үлес алады. Банк заемдары мен «кері РЕПО» операциялары 2 876,5 млрд. теңгеге немесе 48,0 %-ға, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар 26,2 млрд. теңгеге немесе 2,7%-ға өскен, бағалы қағаздар 452,6 млрд. теңгеге немесе 36,5%-ға кеміген, басқа банктерде орналастырылған салымдар 121,9 млрд. теңгеге немесе 23,4%-ға өскен, капиталға инвестициялар 125,4 млрд. теңгеге немесе 2,3 есе өскен.

Жыл басынан баланс<sup>4</sup> бойынша мерзімі өткен берешек 75,7 млрд. теңгеден 24,8 млрд. теңгеге (32,8%-ға) өсті және есепті күні 100,5 млрд. теңге құрады.

Өткен жылдан бері мерзімі өткен сыйақыларды көрсететін шоттардағы қалдықтар 3,7 есе ұлғайып 2008 жылғы 1 қаңтарда 17,4 млрд теңгені құрады.



2007 жылы жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелердің мөлшері 2 135,2 млрд. теңгеге (19,0%-ға) 13 377,7 млрд. теңгеге дейін өсті.

Стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 57,4 %-ын құрады, күмәнділер – 26,9%- дан 41,6%-ға дейін ұлғайды, үмітсіз активтер және шартты міндеттемелер үлесі 1,0 % болды.

млрд. теңге

Активтер мен шартты міндеттемелер	01.01.07	01.01.08
-----------------------------------	----------	----------


	негізгі борыш	жиынтығына	негізгі борыш	жиынтығына
	сомасы, млрд. теңге	% -бен	сомасы, млрд. теңге	% -бен
<b>Барлық активтер мен шартты міндеттемелер</b>	<b>11 242,5</b>	<b>100</b>	<b>13 377,7</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>8 117,7</b>	<b>72,2</b>	<b>7 677,7</b>	<b>57,4</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>3 026,9</b>	<b>26,9</b>	<b>5 559,9</b>	<b>41,6</b>
1 санаттағы күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 587,9	23,0	4 266,8	31,9
2 санаттағы күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	112,7	1,0	578,1	4,3
3 санаттағы күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	236,1	2,1	543,2	4,1
4 санаттағы күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	39,0	0,3	63,1	0,5
5 санаттағы күмәнді	51,2	0,5	108,7	0,8
<b>Үмітсіздер</b>	<b>97,9</b>	<b>0,9</b>	<b>140,1</b>	<b>1,0</b>

Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің 440,0 млрд. теңгеге (5,4%) азайғаны стандартты шартты міндеттемелердің 455,4 млрд. теңгеге (19,9%) және стандартты бағалы қағаздардың 456,0 млрд. теңгеге (36,8%) азаюына байланысты екені көрсетілген. Бұл ретте заемдар бойынша стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің 363,9 млрд. теңгеге (11,5%), депозиттер бойынша 81,5 млрд. теңгеге (6,0%) және дебиторлық берешек бойынша - 26,0 млрд. теңгеге (31,5%) өскені байқалады.

Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 52,7%-дан 39,7%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 45,7%-дан 58,8%-ға дейін өсті, бұл ретте үмітсіз кредиттердің үлесі 1,6%-дан 1,5-ға дейін кеміген.

*млрд. теңге*

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.07		01.01.08	
	негізгі борыш	жиынтығына	негізгі борыш	жиынтығына
	сомасы, млрд. теңге	% -бен	сомасы, млрд. теңге	% -бен
<b>Барлығы несиелік портфель</b>	<b>5 991,8</b>	<b>100</b>	<b>8 868,3</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>3 154,4</b>	<b>52,7</b>	<b>3 518,2</b>	<b>39,7</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>2 743,4</b>	<b>45,7</b>	<b>5 218,7</b>	<b>58,8</b>
1 санаттағы күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 332,0	38,9	3 950,4	44,5
2 санаттағы күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	109,8	1,8	572,2	6,5
3 санаттағы күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	214,7	3,6	533,4	6,0
4 санаттағы күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	38,1	0,6	57,9	0,6
5 санаттағы күмәнді	48,8	0,8	104,8	1,2
<b>Үмітсіздер</b>	<b>94,0</b>	<b>1,6</b>	<b>131,4</b>	<b>1,5</b>




**Міндеттемелер.** 2007 жылы екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 2 257,9 млрд. теңгеге (28,2%-ға) өсті және есепті кезеңнің соңына 10 259,5 млрд. теңге болды.

Банктер міндеттемелерінің артуына арнайы тағайындалған еншілес ұйымдары салымдарының өсуі, олар бойынша 971,9 млрд. теңге немесе 62,4%-ға өсуі болды, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер - 413,7 млрд. теңге немесе 40,0%-ға өсуі болды, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар -379,1 млрд. теңгеге 1 798,2 млрд. теңгеге дейін ұлғаюы елеулі ықпалын тигізді.


млрд. теңге

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.01.08		Өсімі в %-бен
	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	
Банкаралық салымдар	257,5	3,2	319,9	3,1	24,2
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	1 419,1	17,7	1 798,2	17,5	26,7
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	2,2	0,0	7,7	0,1	3,5 есе
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	27,4	0,3	85,1	0,8	3,1 есе
Заңды тұлғалардың салымдары	2 123,7	26,5	2 447,1	23,9	15,2
Жеке тұлғалардың салымдары	1 034,2	12,9	1 447,9	14,1	40,0
Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары	1 557,1	19,5	2 529,0	24,7	62,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	421,6	5,3	467,6	4,6	10,9
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	530,0	6,6	245,4	2,4	-53,7
Басқа міндеттемелер	628,80	8,0	911,60	8,8	45,0
<b>Барлығы міндеттемелер</b>	<b>8 001,6</b>	<b>100</b>	<b>10 259,5</b>	<b>100</b>	<b>28,2</b>

Банк секторының міндеттемелерінің құрылымы 01.01.07ж. жағдай бойынша (%)



Банк секторының міндеттемелерінің құрылымы 01.01.08ж. жағдай бойынша (%)



2007 жылдың басынан бастап заңды және жеке тұлғалардың салымдары 1 709,1 млрд. теңгеге немесе 36,2%-ға өсіп 2008 жылғы 1 қаңтарда 6 424,0 млрд. теңге болды.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың салымдары 40,0%-ға немесе 413,7 млрд. теңгеге ұлғайды.

Клиенттердің салымдары	01.01.07ж.		01.01.08ж.		Өсімі %-бен	
	барлығы	оның ішінде шет. валютасында	барлығы	оның ішінде шет. валютасында	барлығы	оның ішінде шет. валютасында
Салымдардың барлығы	4 714,9	2 740,2	6 424,0	3 807,8	36,2	40,0
оның ішінде:						
Заңды тұлғалардың салымдары	2 123,7	838,8	2 447,1	786,1	15,2	-6,3
Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары	1 557,1	1 557,1	2 529,0	2 476,9	62,4	59,1
Жеке тұлғалардың салымдары	1 034,2	344,4	1 447,9	544,7	40,0	58,2

Заңды тұлғалардың салымдары 15,2% -ға немесе 323,4 млрд. теңгеге ұлғайды.

Арнайы бағытталған еншілес ұйымдардың салымдары 62,4%-ға немесе 971,9 млрд. теңгеге өскен.

**ҚР резиденті еместеріне талаптар.** Өткен жылы резидент еместерге қойылатын талаптар мөлшері 526,6 млрд. теңгеге (24,2%) ұлғайып, есепті күнге 2 703,1 млрд. теңгені құрады. Екінші деңгейдегі банктер активтерінің жалпы сомасындағы резидент еместерге талаптар үлесі 23,1% құрайды. Резидент еместерге талаптар құрылымындағы негізгі үлесі банк заемдары мен «кері РЕПО» операцияларына - 52,3% немесе 1 413,6 млрд. теңге келеді, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 18,2% немесе 492,2 млрд. теңге келеді.

Банк секторының ҚР резиденті еместеріне жиынтық талаптарының динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.01.2008		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	


Қолма қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	245,0	11,3	330,5	12,2	34,9
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	295,0	13,6	492,2	18,2	66,8
Бағалы қағаздар	568,0	26,1	321,6	11,9	-43,4
Банк заемдары және «кері РЕПО» операциялары	972,8	44,7	1 413,6	52,3	45,3
Капиталға инвестициялар	21,0	1,0	60,1	2,2	2,9 есе
Басқа активтер	74,7	3,3	85,1	3,2	13,9
ҚР резидент еместері алдындағы талаптардың барлығы	<b>2 176,50</b>	<b>100</b>	<b>2 703,1</b>	<b>100</b>	<b>24,2</b>

**ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер.** 2007 жылдың басынан екінші деңгейдегі банктердің резидент еместері алдындағы міндеттемелердің жалпы сомасы 1 334,2 млрд. теңгеге (32,3%-ға) ұлғайып, есепті кезеңнің аяғында 5 463,8 млрд. теңгені құрады. Екінші деңгейдегі банктердің міндеттемелерінің жалпы сомасының ішінде резидент еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі өткен жылдың осыға ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,7 пайыздық тармаққа өсіп, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 53,3% құрады.

Банк секторының ҚР резиденті еместері алдындағы жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.01.2008		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	млрд. теңге	% -бен жиынтығына	
Банкаралық депозиттер	159,1	3,9	154,6	2,8	-2,8
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар	1 372,1	33,2	1 709,0	31,3	24,6
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алған заемдар	27,4	0,7	85,1	1,6	3,1 есе
Заңды тұлғалардың салымдары	179,7	4,4	154,7	2,8	-13,9
Жеке тұлғалардың салымдары	24,3	0,6	29,2	0,5	20,2
Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары	1557,1	37,7	2 529,0	46,3	62,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	240,5	5,8	316,1	5,8	31,4
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	305,1	7,4	121,8	2,2	-60,1
Басқа міндеттемелер	264,3	6,3	364,3	6,7	37,8
<b>ҚР резидент еместері алдындағы барлық міндеттемелер</b>	<b>4 129,6</b>	<b>100</b>	<b>5 463,8</b>	<b>100</b>	<b>32,3</b>

**Өтімділік.** Ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк жүйесінің өтімділік деңгейі аса жоғары деңгейде сақталды. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезінде 1,43 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезінде – 0,97 болды.

Банк секторының өтімділік деңгейінің динамикасы



**Кірістілік.** 2008 жылғы 1 қаңтарда екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 216,9 млрд. теңге мөлшерінде (2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 101,9 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 1 794,8 млрд. теңге болды (2007 жылғы 1 қаңтарда – 907,9 млрд. теңге), шығыстар – 1 578,0 млрд. теңге (2007 жылғы 1 қаңтарда – 780,4 млрд. теңге) болды.

млрд. теңге

Банк секторының кірістілігі	01.01.07	01.01.08*	Өзгеруі (+;-), %-бен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	620,1	1 243,4	2 есе
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	337,2	656,1	1,9 есе
<b>Сыйақы алуға байланысты таза кіріс</b>	<b>282,9</b>	<b>587,3</b>	<b>2,1 есе</b>
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	287,3	550,6	1,9 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	442,5	875,6	2 есе
<b>Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)</b>	<b>-155,2</b>	<b>-325,2</b>	2,1 есе
<b>Көзделмеген баптар</b>	<b>-0,2</b>	<b>0,4</b>	-
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	127,5	262,5	2,1 есе
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	25,6	45,6	78,1
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	101,9	216,9	2,1 есе

\*жекелеген банктің есептілігіндегі өзгерістерге байланысты нақтыланған деректер.

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (89,7% немесе 1 115,3 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (62,8% немесе 411,7 млрд. теңге) сыйақы төлеумен байланысты шығыстар орын алады. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 2,25% (01.01.07ж. жағдай бойынша – 1,44%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 18,41% болды (01.01.07ж. жағдай бойынша – 14,65%).

млрд. теңге

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	01.01.07	01.01.08
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	1,44	2,25
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	14,65	18,41
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	6,99	10,64
Кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфеліне қатынасы	9,13	12,77

Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	29,60	30,82
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	4,21	6,40
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	1,79	2,13

\*жекелеген банктің есептілігіндегі өзгерістерге байланысты нақтыланған деректер.

**Банк секторының шоғырлануы.** 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 57,9%-дан 59,3%-ға дейін өсті, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 59,6% -ға дейін ұлғайды.

3 ірі банктің банк секторының жиынтық несиелік портфеліндегі кредиттерінің үлесі 61,4% болды. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша үш ірі банктердің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 63,1% келеді.

Жиынтық банк секторынан үлесі	01.01.07	01.01.08
3 ірі банктің активтері	57,9	59,3
3 ірі банктің міндеттемелері	58,6	59,6
3 ірі банктің меншікті капиталы	54,6	57,0
3 ірі банктің несиелік портфелі	58,3	61,4
3 ірі банк клиенттерінің <sup>5</sup> салымдары, оның ішінде	58,9	64,6
- заңды тұлғалардың	62,9	65,0
- жеке тұлғалардың	44,6	63,1

#### Экономикадағы банк секторының ролі Роль банковского сектора в экономике

Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.01.08
ЖІӨ млрд.теңге <sup>5</sup>	3 250,6	3 747,2	4 612,0	5 870,0	7 453	10 139,5	13 315,20
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	36,3	45,8	60,6	87,5	87,8
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	23,6	30,9	41,1	59,1	66,6
Есептелген меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,1	5,9	7,9	11,5	13,4
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,5	48,2

<sup>1</sup> - 01.01.08 ж. жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ деректері енгізілмей берілген;

<sup>2</sup> - «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ;

АО "Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана";

<sup>4</sup> - баланс бойынша мерзімі өткен берешекке клиенттердің заемдар, факторинг, форфейтинг, қаржы лизинг бойынша берешегі кіреді (1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424 шоттары); заемдар бойынша мерзімі өткен сыйақы 1741, 1731, 1734 б/шоттарында көрсетілген

<sup>7</sup> - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008 жылға болжамдық деректері прогнозные данные Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан на 2008 год.